

**«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің  
№1 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

05.09.2023ж

Қатысқаны: 22

**Күн тәртібі**

1. Жаңа 2023–2024 оқу жылының негізгі міндеттері.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, перспективалық жоспарларды, циклограмманы бекіту.
4. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің жұмыс жоспарын қарастыру.
5. Әртүрлі мәселелер

**Тындалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова жаңа оқу жылында білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын нығайту басты міндеттердің бірі екендігін айтты

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Джуматова 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды. Жоспарда педагогикалық кеңестердің, семинарлардың, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің, ата-аналармен жұмыстың, бақылау мен мониторингтің негізгі бағыттары қамтылғаны баяндалды.

3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарларды, циклограммаларды таныстырды. Барлық құжаттардың мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес дайындалғаны айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша аттестаттаудан өтетін педагогтердің жеке жұмыс жоспарлары қаралып, әдістемелік көмек көрсету жолдары белгіленді.

5. Әртүрлі мәселелер бойынша еңбек қауіпсіздігі, санитариялық талаптарды сақтау, құжаттарды уақытылы жүргізу және жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қарастырылды.

**Сөйледі:**

Педагогтер оқу жылындағы жаңа міндеттер бойынша өз ұсыныстарын білдіріп, оқу-тәрбие үдерісінде заманауи технологияларды қолданудың маңыздылығына тоқталды. Әдіскер педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетілетінін атап өтті.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес  
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жаңа 2023–2024 оқу жылының негізгі міндеттері орындалсын
2. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, перспективалық жоспарлар және циклограммалар бекітілсін.
4. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің жұмыс жоспарлары бекітіліп, олардың орындалуына әдістемелік қолдау көрсетілсін.
5. Барлық педагогтер оқу-тәрбие үдерісін мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырсын. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау тұрақты бақылауда болсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова  
Хатшы: М.А.Асанова

**«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің  
№2 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

27.12.2023ж

Қатысқаны: 22

**Күн тәртібі**

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жартыжылдық қорытындысы
3. Балалардың білім, білік, дағдыларының мониторинг нәтижелері.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен өзара сабаққа қатысу қорытындылары.
5. Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және әдістемелік жұмыстардың орындалуы.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша әдіскер жартыжылындағы оқу-тәрбие жұмысына талдау жасады. Топтарда оқу қызметтері жоспарға сәйкес өткізілгені, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары ұйымдастырылғаны айтылды. Құжаттарды жүргізу барысында анықталған кемшіліктерге тоқталып, оларды түзету бойынша ұсыныстар берілді.
3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер балалардың білім, білік және дағдыларына жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды. Мониторинг қорытындысы бойынша балалардың көпшілігі оқу бағдарламасын жас ерекшеліктеріне сәйкес меңгергені анықталды. Кейбір тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды.
4. Төртінші мәселе бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысы қаралды. Педагогтердің инновациялық әдіс-тәсілдерді, ойын технологияларын, көрнекіліктерді тиімді пайдаланғаны атап өтілді. Өзара тәжірибе алмасудың маңыздылығы айтылып, әдістемелік ұсыныстар берілді.
5. Бесінші мәселе бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстары, семинарлар, шеберлік сағаттары және өздігінен білім жетілдіру жұмыстарының орындалуы туралы ақпарат тыңдалды. Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.

**Сөйледі:**

Балабақша директоры М.Овезова оқу сапасын арттыруда әр педагогтің жауапкершілігі маңызды екенін атап өтті. Педагогтер тәжірибе алмасудың тиімділігі туралы пікірлерін білдіріп, балалармен жеке жұмысты күшейту жөнінде ұсыныстар айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес  
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жартыжылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Мониторинг нәтижелері негізінде төмен көрсеткіш көрсеткен тәрбиеленушілермен жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен өзара сабаққа қатысу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
5. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында семинарлар, шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу жұмыстары жалғассын.



*[Signature]*  
Жиналыс төрайымы: М.Овезова  
Хатшы: М.А.Асанова

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің  
**№3 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

28.02.2024ж

Қатысқаны: 22

**Күн тәртібі**

1. №2 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтардың ұйымдастырылған іс-әрекетте инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тәжірибесі.
3. Балалардың сөйлеу, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстардың нәтижелері.
4. Әдістемелік бақылау қорытындысы және анықталған кемшіліктерді жою жолдары.
5. Әртүрлі мәселелер.

**Тындалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша педагогтар өз тәжірибелерімен бөлісті. Ойын технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, шығармашылық тапсырмалар, зерттеу және тәжірибе жасау әдістері арқылы балалардың қызығушылығын арттыру жолдары көрсетілді. Инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі талқыланды.
3. Үшінші мәселе бойынша Б.Джуматова балалардың сөйлеу тілін дамыту, қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін таныстырды. Мониторинг нәтижелері балалардың оң динамикасын көрсетті. Жеке қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен жұмысты жалғастыру ұсынылды.
4. Төртінші мәселе бойынша балабақша директоры әдістемелік бақылау барысында анықталған кемшіліктерге тоқталды. Кейбір педагогтерге жоспарлау, құжаттарды рәсімдеу және оқу ортасын толықтыру бойынша ұсыныстар берілді.
5. Әртүрлі мәселелер бойынша балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздік техникасын сақтау, ата-аналармен серіктестік жұмысты күшейту және көктемгі іс-шараларға дайындық мәселелері қаралды.

**Сөйледі:**

Педагогтер өзара тәжірибе алмасудың білім сапасын арттырудағы маңызын атап өтті. Меңгеруші педагогтердің кәсіби дамуына, шығармашылық ізденісіне және инновациялық технологияларды жүйелі қолдануына қолдау көрсетілетінін айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес  
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №2 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Заманауи педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолдану жалғастырылсын.
3. Балалардың сөйлеу, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.
4. Әдістемелік бақылау барысында анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылсын. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, семинарлар және шеберлік сағаттары өткізілсін.
5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау тұрақты бақылауда болсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова  
Хатшы: М.А.Асанова

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің  
**№4 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

28.05.2024ж

Қатысқаны: 22

**Күн тәртібі**

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. 2023–2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.
3. Балалардың жылдық мониторинг нәтижелерін талдау.
4. Педагогтердің жыл бойғы жұмыстарының нәтижелері және кәсіби жетістіктері.
5. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
6. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова 2023–2024 оқу жылының қорытынды есебін ұсынды. Жылдық жоспардың орындалуы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы, мерекелік іс-шаралар, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және педагогтердің кәсіби дамуы туралы толық ақпарат берілді. Оқу жылының негізгі міндеттері орындалғаны атап өтілді.
3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.Джуматова балалардың жылдық мониторинг нәтижелерін таныстырды. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігі білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізгені анықталды. Балалардың сөйлеу, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бойынша оң көрсеткіштер байқалды.
4. Педагогтердің жыл бойғы жетістіктері сараланды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, семинарлар, шеберлік сағаттары, қалалық байқауларға қатысу нәтижелері талқыланды. Белсенділік танытқан педагогтердің жұмысына оң баға берілді.
5. Б.Джуматова жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, таза ауадағы ойындар, қауіпсіздік ережелерін сақтау, экологиялық тәрбие және танымдық іс-шараларды өткізу жоспарланды.
6. Әртүрлі мәселелер бойынша кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру, санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жаңа оқу жылына дайындық мәселелері қарастырылды.

## ШЕШІМ ЕТЕДІ:

- 

Жиналыс төрайымы: М.Овезова  
Хатшы: М.А.Асанова